

Халық бақытының игілігі үшін

РИГА, 13 июль. (СОТА). Бүкіл еліміздегі сыяқты Балтық жағалауында да қуанышты мереке. Латвия ССР-нің еңбекшілері Балтықты су жолы арқылы Азов және Қаратеңіздермен қосқаны үшін Еділ-Дон каналының құрылысына құттықтаулар жіберуде. Кеше кәсіпорындарында жұмыс күні біткеннен кейін Еділ-Дон каналы құрылысының аяқталуына және каналды В. И. Лениннің есімімен атауға арналған көп адам қатысқан митингілер болды.

«ВЭФ» заводының телефон-монтаж цехы. Осы заводтың стахановшыларының қолымен аз уақыттың ішінде Еділ-Дон каналы және Цимлян су торабы үшін жүздеген телефон аппараттары әзірленген болатын.

—Біздің жүрегіміз қуанышқа толы, — деді митингіде цех стахановшісі Сподра Лицис. — Халық бақытының игілігі үшін совет адамдары еліміздің табиғатын өзгертуде.

Өзен флоты министрлігінің Ригадағы машина құрылыс заводында митингіге мыңдаған жұмысшылар жыйналды. Завод канал құрылысшылары үшін жүзетін қуатты крандар даярлаған болатын. Завод инженері, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Анатолий Костюк: — Коммунизмнің ұлы құрылыстарында совет халқы орасан зор батырлық істер жасауда. Еділ-Дон каналының бұрын болып көрмеген аз уақыттың ішінде салынып бітуі — біздің халқымыздың бойындағы сарқылмас күшіне тағы бір айқын сыйпаттама, — деді.

І ТУЫ

ИТІТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

июль Сейсенбі

жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

Ісеру — саласы

лы март айында мының жұмысы ауғетінің пленумында Ювый путь» колхозы жұмысын жақсарту қаулы алды. Бірақ, комитет пленум қаулының ұйымдастырудың бұл емес, ауқа мәселелер жөнінде ларының орындалуын не ескермейді. Аудан ыл сайын кейін себентердің бірі — ына, әресе, істің ге жете мән бермеу-

ұйымдарының сек-партия, совет орында-ы мен партия жый-ыларының орында-уге міндетті. Бұл тке арнаулы партия оның бұл тапсырма-асыруына жетісуі асырманы коммуни-лігі мен біліміне ка-мунистердің жыйна-

Мол жемшөп қоры — мал шаруашылығын өркендетудің негізгі шарты ЖЕМШӨП ДАЙЫНДАУДА ОЗАТТАРҒА ТЕҢЕЛЕЙІК!

Социалистік жарысты ұйымдастырушылар

Колхоз партия ұйымының шөп шабуға кірісер алдында болып өткен жыйналысының баса назар аударғаны — өткен мал қыстату маусымында кездескен кемшіліктерге бйыыл жол бермеу мәселесі болды. Расында да, өткен қыста біздің колхоз қоғамдық малдың азығын жеткілікті мөлшерде дайындай алмағандықтан, қыс аяғында малдарға азықты көршілес колхоздардан сатып алуға тура келген еді. Осының салдарынан ірі малдың және жас төлдердің шығынға ұшырауы кездесті. Ал, көптеген жұмыс малдарын қоңы төмен болғандықтан еңіс жұмыстарына пайдалана алмадық. Сондықтан біздің бұл жыйналыста талқыланған мәселеміз өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығара отырып, мал азығын дайындауға тыңғылықты әзірлену және шөп шабуды ұйымдасқан түрде бастау болды.

Колхоз коммунистері жемшөп дайындауды ұйымдастыру ісін ұйымның кәзіргі таңдағы негізгі жұмыс участогі деп

Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшелері Сталин жолдасқа жазған хатта жемшөптің кемінде біржарым жылдық қорын жасап алуға міндеттенген -ді.

Колхоз кәзір пішен шабуды ойдағыдай жүргізіп, аудан бойынша алдыңғы қатарда келеді.

Газетіміздің бүгінгі санында колхоз пішеншілеріне сөз беріп отырмыз.

Кемінде біржарым жылдық жемшөп қорын жасаймыз

Ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатқа және оңтүстік қазақстандықтардың үндеуіне жауап ретінде біздің колхоздың мүшелері қоғамдық малдың кемінде біржарым жылдық жемшөп қорын жасауға міндеттенген болатын-ды. Алдыңғы міндеттемені аброймен орындау жолындағы социалистік жарысты барған сайын кең өрістетіп отырған олар, кәзір шабындықтарда қажырлылықпен еңбек етіп жүр.

Шөп шабуға кіріскен алғашқы апталарда біз жұмысты жаңа міндеттер талабына сай ұйымдастыра алмағандықтан, жемшөп дайындаудың күнделікті және бескүндік тапсырмаларын орындай алмай жүрдік. Өйткені, біз ол кезде шөпті пісу жеткен алаптардан таңдап шабуға кіріс-

рында жұмыс істейтін Е. Жексенов, Т. Ақбаев және Қ. Жуандықов жолдастар да шөп шабуға үлгілі еңбек етіп жүр.

Сол сыяқты, колхоз пішеншілері шөп шабу мен маялаудың арасында ешқандай алшақтыққа жол бермеу үшін қызу күрес жүргізуде. Бұл салада, әресе коммунист Т. Байжанов жолдас басқарған шөп үюшілер звеносы күнделікті тапсырманы 115—125 процент орындан, шөп маялауды сапалы түрде жүргізіп отыр.

Рас, шөп шабудың алғашқы кезінде бізде шөп шабу мен маялау арасында айтарлықтай алшақтық болды. Қажырлылықпен еңбек етіп жүрген машинистер үюшілерден 300 гектардай алға кетті. Бұл алшақтықты жою үшін колхоздағы

Міндеттендік — орындаймыз

Біз жұмысты таң ертең шық кебе бастаймыз. Оған дейін машиналарды майлап, шалғыларын ауыстырып, дайындаймыз. Сағат 7 кезінен бастап жұмысқа қосылған агрегат кешкі сағат 11-ден аса тоқтайды. Біз түскі үзіліс кезінде машинаны майлап және оған су құйып аламыз. Жұмыс күнін осылайша пайдалану арқылы күніне 15—16 сағат тоқтаусыз шөп шабамыз.

Тракторға тіркелген шөп машиналарымен өнімді жұмыс істеу — шеберлікті және ұқыптылықты талап етеді. Өйткені, ол машиналар конструкциясы көлік күшіне шағындалып жасалған. Басты көңіл аударатын жағдай — шалғы аппаратының жұмысы болу қажет. Әресе, шөбі қалың шабындықты шапқанда өте сақ болу керек. Бұл кезде трактордың бірінші, немесе, екінші жылдамдығымен ғана жұмыс істеген жөн.

Жас машинистер бетегелі жердің шөбін шапқанда шалғының қақалып қалуына шауіптеніп, шөпті биігірек қырқуға тырысады. Бұлайша ету әрі еңбек өнімділігін төмендетеді әрі жұмыс сапасын

дасқа жазған хаттағы алған міндеттемелерді орындау күресіне жеткіліксіз ұйымдастырып отыр.

Мұны аудандық партия комитеті жақ-

не сай ұйымдастыру, істің орындалуын тексеруді мейлінше жақсарту — жаңа табыстарға жетудің басты шарты болып табылады.



1952 жылғы 11 июльде Кремльде, Свердловск залында Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің вице председатели, Италияның социалистік партиясының бас секретары бейбітшілік үшін белсенді күрескер Пьетро Ненниге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды.

СУРЕТТЕ: Пьетро Ненниге халықаралық Сталиндік сыйлық лауреатының дипломын және омырауға тағатын алтын медаль тапсырылғаннан кейін халықаралық Сталиндік сыйлықтар жөніндегі комитеттің председатели академик Д. В. Скобельцын мен Пьетро Неннидің қол алысып тұрған кезі.

(СОТА-НЫҢ ФОТОХРОНИКАСЫ).

Жекенова жолдас басқарған шөп ұшы-лер звеносы соңғы үш бес күндікте 300 центнер шөпті қыстау жанына тасып үйді. Ал, Жекенова жолдасын өзі күнделікті тапсырманы 150—170 проценттен кем орындап көрген емес.

Колхоз коммунистері пішеншілер арасындағы социалистік жарыстың шын мәніндегі ұйымдастырушылары және басқарушылары болып отыр.

Қ. МҰСТАФИН.

Колхоз партия бюросының секретары.

ПІШЕНШІЛЕР

Қалың орман қойнауындағы «Арал-аған» алқабы, Алқап бойындағы бабына жетіп піскен өсімдіктердің бар жұпары қосылып, төңіректі қош иіске толтырып тұр.

Біздің маңдай алдымызда құжынаған көп маялар...

Бөкарай алқаптың қай жағына қарасаң да қажырлы еңбек үстіндегі пішеншілер. Әне, анау бір шетте мұхитта жүзген кемедей трактор көрінеді. Оның артына тіркелген шөп машиналары биік шабындықтың тасасынан анда-санда бір көзге түсіп, бір қалыпты жылжып барады. Олардың трактор түріліне ұласқан дауысы осынау алқапты тербеткен күйдей естіледі. О жер-бү жерден көлікке жегілген орақ тілді шөп машиналардың сырылы да оларға үн қосқандай. Енді бір жерде жарқын жүзді жас колхозшылар шөпті шөмелеге салып жүр. Онан әріректе маяшылар көрінеді. Жастар жүрген жер әнсіз болама! Түрлі дауыстар қосылған ән көркем алқапты керіктендіре түскендей. Қандай ән естілсе де сүйкімді-ақ. Өйткені, ол — еңбек әні.

Қостан шыққан көк түтін тымық күнде тамылжыған аспанға шұбатыла көтеріліп, жайлап жоғарылап барады. Әне, буда- буда газет, журналдары бар, велосипедке мінген бір жігіт жолдан шығып, қосқа қарай бұрылды. Үлкен жолдан көтерілген шаң баяу төмендеп, жөл жиегіндегі қалың шалғының қойны-

соңғы екі аптаның ішінде 671 центнер шөп маялады.

Біздің бұл табысқа жетуіміздің сыры неде? Ең алдымен, звено мүшелері пішен маялаудың әрбір ұсақ жұмыстарына дейін мұқият орындайды. Өйткені, еске алынбаған ұсақ жұмыстардың өзі күнделікті тапсырманы орындауға үлкен бөгет жасайды. Мәселен, шөмелелерді үйіліп жатқан маяның жел жағынан тартып әкелу керек. Пішенді ық жақтан мая

онда маяны ген жөн.

Біздің т сыры звен стандартыра сып, өз мін га белсене шабу мен алшақтық міндет етіп

Пішен маял

жұмыс істе реді. Жұмы тер машина Алқаптың ді. Бұл жер машинасым дықтан да дайды еске шөпін көліп шалғымен

... Біз 6 Хамитов ба тракторға т олар түскі агрегат мау гектар жерд бай тәжірибе мұқан қарт 150 процент оның осы а не бйыыл ү

— Колхоз Колхоз малы дәрежеміздің дейді қарт ә Оның айты сыры да осы Бұл сыяқты сол үшін қа жүргендер бұ Мәселен, Н. лар звеносын түстік қазақ қарсы алып, жарым жылд рінші болып Үндеуді талд

Иренушілерге көмек аграрлық саясат ен еңбегі туралы

і құрған (МТС-тер) колхоздарының ылым тартқыштары артыруға аралы түрде шаруашылық өмектескенін тин жолдас яның өсуі, ткізілген аз өзіндегі кү- сүрес, шар- ивтік шар- ауылшар- өсуі, алғаш- ен совхоздар жаппай қол- те мүмкінші- ы аграрлық деген еңбе- жөніндегі сол з құрылысы н буржуазия- ге қарсы теб- ашын, әш- жметін және дақ уақытқа ірі және бірлесе- егізі мен ең- тан ұсақ то- ығы негізіне н дәлелдеді, шаруашылығы- ретті. Сталин

Сталин жолдас мұндай «тұрақтылық- тын» өзі тұрақсыздықтың қандайынан болса да жаман екенін көрсетті.

Сталин жолдас ірі шаруашылықтарын — колхоздардың ұсақ шаруалар шаруашылығынан артықшылығы іс жүзінде дәлелденгендігін айқын көрсетті. Иерді национализациялауды (бізде жер жеке меншікте емес халық меншігі) енгізген советтік аграрлық заңдар шаруалардың ұсақ шаруашылықтарынан ірі коллективтік шаруашылыққа көшуіне жеңілдік бергендігін айта келіп, Сталин жолдас былай делі: «Бізде жерді жеке меншіктеушілік жоқ болғандықтан да бізде Батыстағыдай шаруа жерге құл болып отырған жоқ. Ал, бұл жағдайдың өзі ұсақ шаруа шаруашылығының колхоздар жолына түсуін жеңілдетпей қоя алмайды» (Сонда, 266-бет).

Сталин жолдасың бұл еңбегі және колхоз құрылысы мәселелеріне арналған басқа еңбектері де марксизм-ленинизм ғылымын ілгері дамытып, жаңалықтар енгізді: 1) Сталин жолдас ауыл шаруашылығын коллективтендіру теориясын жасап, оны жүзеге асырды. 2) Деревнядағы социалистік шаруашылықтың колхоздық формасы туралы мәселені барлық жағынан талдап шешті, колхоз құрылысының ең негізгі, ең басты буыны кәзіргі уақытта ауыл шаруашылығы ар- телі екенін дәлелдеп берді. 3) Кулактарды тездеу және ығыстыру саясатынан жаппай коллективтендіру негізінде кулактарды тап ретінде жою саясатына көшу қажеттігін дәлелдеді. 4) Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта



Жуырда Петропавлдағы балалардың музыка мектебін үшінші рет оқушылар бітіріп шықты.

СУРЕТТЕ: Мектепті отлично бітіріп шыққан Аля Алексеевко (отырған) және Люся Дмитриева.

Суретті түсерген А. Розенштейн.

Астана артистері Петропавлда

Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрының бір топ искусство шеберлері қала еңбекшілеріне концерт беру үшін Петропавлға келді. Олардың ішінде Қазақ ССР-нің халық артисі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ә. Үмбетбаев, Қазақ ССР-нің халық артистері ағайынды Абдуллиндер, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген артист С. Абжанов және басқа әншілер, бишілер бар.

Бүгін қала еңбекшілері қалалық мәде-

Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон кеме қатынасы каналының салынуын қуанышпен құттықтауда

ВЕНГРИЯ

Барлық венгер газеттері Еділ-Дон кеме қатынасы каналының ашылуы туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысын және каналды В. И. Лениннің есімімен атау туралы Указы жариялады. «Сабандеп» өзінің басмақаласында былай деген жазады:

Еділ—Дон каналын В. И. Лениннің есімімен атау туралы хабар бүкіл дүние жүзіндегі халықтардың мақтаныш сезімін күшейте түсті. Дүние жүзі халықтары канал құрылысшылары — жұмысшылар мен техниктерді, инженерлер мен ғылыми қызметкерлерді, кәзіргі заманда бейбітшіліктің осындай ұлы құрылысын жүргізу мүмкін болып отырған бірден-бір ұлы ел — Совет Одағын мақтанышпен және қуанышпен шын жүректен құттықтайды. Сталиндік бұл құрылыс ұлы Лениннің есімімен аталуға лайық.

Коммунизмінің бұл ұлы құрылысы, — делінген мақалада, — бұл Совет Одағының ғана емес бейбітшілікті сүюші барлық халықтардың күш-жігерін молайта түседі. Дүние жүзінің халықтары, соның ішінде венгер халқы, осы тамаша құрылыстың үлгісімен рухтана отырып, бейбітшілік пен бостандықтың салтанаты үшін күресте өзінің барлық күш-қайратын аямайды.

БОЛГАРИЯ

Біздің еліміздің миллиондаған бейбітшілікті жақтаушылары, — деп жазады «Работническо дело» газетінде бейбітшілікті жақтаушылардың Болгария ұлттық комитеті председателінің орынбасары Георгий Пиринский, — Еділ—Дон кеме қатынасы каналының ашылуын және оны есімі мәңгі жасайтын Владимир Ильич Лениннің есімімен атау туралы ССРО Жарғы Со-

данышпандығының мұншалықты шарықтандығын тарих бұрын-соңды көрген емес. Кеме қатынасы жолының салынып бітіп, пайдалануға берілуі америка құрама Штаттары мен басқа капиталистік елдер өздерінің барлық экономикасын адамдарды жаппай қыру сыяқты қылмысты жаңа соғысқа керекті қару-жаракты әзірлеуге көшіріп отырған уақытта болып отыр. Халықтардың әл-ауқат тұрмысын бұрынғыдан да жақсарту үшін коммунизм орнатып жатқан дүние мен жаңа соғыс өртің тұтандырып отырған империалистер дүниесінің арасында қандай үлкен айырмашылық бар!

ЧЕХОСЛОВАКИЯ

Еділ-Дон кеме қатынасы каналы құрылысының аяқталуы туралы хабар Чехословакияның барлық қалалары мен селоларына тез таралып, совет халқының тамаша жеңісіне байланысты үлкен қуаныш сезімін тудырды.

Орыс халқы екіжарым ғасыр бойы, — делінген Чехословакия радиосы берген хабарда, — Еділ мен Донды қосуды арман етті. Алайда, адамзат баласының тарихында теңдесі жоқ мұндай ұлы құрылысты коммунизмінің табалдырығында тұрған, капиталистік қанаудан азат етілген совет адамы ғана жасай алды.

Каналдың Совет Одағы үшін ғана емес, халықтық демократия елдері үшін, соның ішінде бейбітшілік лагерінің батыстағы елі Чехословакия үшін де үлкен маңызы бар. Тарихта бірінші рет Чехословакия, Москвамен, Ленинградпен және басқа да совет қалаларымен тура су жолы арқылы қатынас жасай алады. Дунай өзені мен Венгрия және Румыния арқылы Чехословакияның өнеркәсіп товарлары тиелген

лық саясат мәселелері жөнінде» деген теориялық еңбегінде данышпандықпен шешіп, марксизм-ленинизм теориясын қорғап, ілгері дамытып, жүзеге асырды.

Сталин жолдас бұл еңбегінде пролетариат революциясының тарихи міндетін — өлметті жеңіп алғаннан кейінгі ең қы-йын, ең ауыр — миллиондаған ұсақ жеке меншікті шаруалар шаруашылығын колхоз жолына, социализм жолына түсі-рудің теориялық мәселесін дамыта түсіп, шешіп, жүзеге асырды. Бұл міндетті ше-шуде В. И. Лениннің негізгі қағидаларын басшылыққа алды.

Деревняда ұсақ шаруалар шаруашылы-ғынан ірі коллективті шаруашылыққа кө-шудің қажеттігі туралы В. И. Лениннің нұсқауларына сүйене отырып, Сталин жолдас ауыл шаруашылығын коллектив-тендіру теориясын жасап, оны жүзге асырды.

Сталин жолдасының басшылығымен пар-тияның XV съезі ауыл шаруашылығын коллективтендіруді үздіксіз өрістетудің сара жолдарын көрсетті. Мұндай тарихи ауыр, бірақ, ардақты міндетті орындау тыңғылықты дайындықты керек етті: бұл дайындық өзінің көлемі мен тереңді-гі және қарқыны жағынан Ұлы Октябрь революциясын дайындаудан кем болған жоқ еді. Сталин жолдасының басшылығы-мен совет өкіметі шаруалардың колхоздар-ға ұйымдасуына керекті жағдайдың бәрін жасады. Елімізді индустрияландыруы жүзеге асыра отырып, ауыл шаруашылы-ғын техникамен қаруландыру және оны машина, тракторлармен жабдықтауға мүм-кіншілік жасады.

еді. Шаруалардың ұсақ шаруашылықтары ұқсас, шаруашылық негізі бір екенін жө-не сондықтан стихиялық жолмен қала-ның соңынан еріп, социализм жолына түсе алмайтынын дәлелдей келіп, Сталин жолдас былай деді: «...ұсақ шаруалы дерев-ня социалистік қаланың соңынан еруі үшін, өзгелерімен қабат, деревняда соци-ализм базасы ретінде, совхоздар мен колхоз-дар сықылды, социалистік қаланың басшы-лығымен шаруалардың негізгі бұқарасын соңынан ерте алатын ірі социалистік шаруашылықтар орнату керек» (И. Сталин, Ленинизм мәселелері, қазақшасы-ның 264-беті).

Сталин жолдас бұл еңбегінде ұсақ шаруа шаруашылығының «тұрақтылығы» жөніндегі буржуазиялық теорияны әшке-реледі. Елімізде капитализмнің негізін қор-ғап қалуға тырысқан ленинизм жаула-ры — буржуазиялық интеллигенттер мен буржуазияның Давид пен Гец сыяқты социал-демократ итаршылары ұсақ шар-уашылыққа қарағанда ірі шаруашылық-тың артық екендігі жөніндегі марксизм-нің белгілі қағидасы тек өнеркәсіпке ғана жатады, оны ауыл шаруашылығына қол-дануға болмайды деген сәуегейлік теор-ияны дәлелдеуге тырысты. Олар артта-қалған ұсақ жеке меншікті шаруашылық-ты дәріптеп, ұсақ шаруа төзімді, шыдам-ды келеді-міс, өзінің алақандай жерін сақтап қалу үшін өлермендік етеді, қан-дай қыйыншылыққа болса да шылайды, сондықтан егіншілікте ірі коллективтес-кен шаруашылыққа қарсы күресуде ұсақ шаруа шаруашылығы тұрақтылық көрсет-теді-міс дегенді дәлелдеуге тырысты.

Сталин жолдасының басшылығымен елі-міз индустрияланған, Отан қорғау қуаты күшті державаға айналды және ауыл шаруашылығында революциялық ұлы өз-герістер жүзеге асырылып, тарихта бо-лып көрмеген колхоз құрылысы түпкілік-ті жеңіп шықты. Елімізде колхоз құры-лысының жеңуінің нәтижесінде кәзіргі замандағы озат техникамен қаруланған дүние жүзіндегі ең ірі және берекелі — күшті халық шаруашылығы құрылды. Колхоз астық мәселесін шешуге мүмкін-дік берді және ғасырлар бойы басып келген қаратүнекті — қайыршылықты жойды. Шаруаларды мәдениетті, аukatты тұрмысқа жеткізді.

Ауыл шаруашылығын коллективтенді-рудің социализм құру және ССРО-ның Отан қорғау қуатын нығайтуда орасан зор тарихи маңызы болды. Колхоз құрылысы-ның күші мен өмірге икемділігі Ұлы Отан соғысы жылдары мен соғыстан кейінгі қыйыншылықты жеңіп, сталиндік бес-жылдықты орындауда айырықша көрінді.

Сталин жолдасының ССРО-дағы аграр-лық саясат мәселелері жөнінде» деген теориялық еңбегінің халықаралық маңы-зы өте зор. Бұл еңбекте маркстік-ленин-дік ілімнің салтанаты, большевиктер пар-тиясының елімізде социализм орнатуда жеңімпаздық тәжірибесі тамаша көрсетіл-ген. Сталин жолдасының еңбектері комму-низм үшін күрес жолындағы қыйыншы-лықтарды большевикше жеңуге үйретеді, саяси қырағылыққа, Ленин — Сталин партиясының ұлы ісіне шын берілуге үйретеді.

3. БЛАҚБАЕВ.

колхоздары мал азығының берік қорын жасаумен қатар, мемлекетке шөп тапсыру жұмыстарын да жедел жүргізуде.

Киров атындағы ауылшаруашылық арте-лінің колхозшылары өткен жылдың үлгі-сімен мемлекетке шөп тапсыруға ауданда бірінші болып кірісті. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде 150 центнер шөп тапсырылды.

Бұдан «Дозор Ильича» ауылшаруашы-лық артелінің колхозшылары да қалыспай келеді. Олар да бірнеше ондаған центнер шөп тапсырды.

Жарияланбаған хаттың дерегі

«Маңызды іске мән бермей отыр»

«Ленин туы» газетінің редакциясына түскен, осы тақырыпта жарияланбаған тілші хатында Совет ауданындағы «Еркін-дік» колхозы мал фермасының меңгеруші-сі Оразымбетовтың шошқа өсіру ісіне же-те мән бермей, шошқаны шығынға ұшы-рауына жол беріп отырғандығы айтылған болатын.

Совет аудандық партия комитеті ауыл-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Са-мұратов жолдас тілші хатында көрсетіл-ген фактілер толық анықталғандығын ха-барлады. Шошқа күтушілер арасында ен-бек тәртібін дұрыс ұйымдастыра алма-ған, шошқа фермасының жұмысын бетімен жібергені үшін Оразымбетов мал фер-масының меңгерушісі қызметінен босатыл-ған. Аудандық партия комитеті колхоз басқармасына ферма жұмысын жақсарту-ды міндеттеген.

ның бастығы ма-ңайлыққа ұшыратқ-матор жойылған-ныңда француз а-ған.

«Юманите» га-

БРАЗИЛИЯ

МОНТЕВИДЕО

«Импrensa попу-ғанындай, бейбіт-Бразилия комите-карағанда, Брази-арасында Бейбіт-ралы Бүкіл дүни-ветінің Үндеуіне-қойған. Бұл фак-дүниежүзілік жа-рушылар, бактери-ға бағытталған е-терін күшейткен.

Еңбекшілер Советі

Еңбекшілер-теті еңбекшілер-рылуы) 1952 же-дығын Солтүст-Сесеняның м-мәжліс залында

Біржарым жылдық жемшөп қорын жасауда

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Облыстың совхоздары жай шөп шабу қарқынын күннен-күнге күшейтуде. Рузаев совхозы-нан кейін іле-шала Шошқалы, Алабота, Шөптікөл совхоздары да шөп шабуға

шықты. Ақан совхозының механизаторла-ры өздігінен жүретін және кең алымды пішен машиналарымен кәзірдің өзінде бір-мың гектар жердің шөбін шапты. Бйбыл совхоз қызметкерлері табиғи шабындықты

өткен жылғыдан 50 мың гектар артық шабады.

Көкшетау совхоздарының малшылары мен механизаторлары қоғамдық малға бір-жарым жылдық жемшөп қорын жасауға міндеттеме алды.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

ЖАЗҒЫ

Бүгін және күн сайын

Бүгін және күн

«ШЫНЫҚҚАНДАР»

«БЕРЛИН

1-

Сеанс сағат 4-те басталады.

Сеанстар сағат

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, ред-партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет таб